

ӘЛ-ФАРАБИ атындағы ҚАЗАҚ ҮЛПТЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ

АБАЙТАНУ

ТАҢДАМАЛЫ ЕҢБЕКТЕР

XI том

Алматы
«Қазақ университеті»
2017

ӘОЖ 821.512.122.0

КБЖ 83.3(5)Каз)

А 13

*Баспаға әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті
филология және әлем тілдері факультетінің Ғылыми кеңесі және
Редакциялық-баспа кеңесі шешімімен ұсынылған*

(№ 2 хаттама 29 желтоқсан 2016 жыл)

*Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті жаңындағы
Абай ғылыми-зерттеу институтында дайындалған*

ҒЫЛЫМИ-РЕДАКЦИЯЛЫҚ КЕҢЕС

Ж. Дәдебаев (тераға), Ө. Әбдіманұлы, З. Бисенғали, Т. Есембеков,
Б. Жақып, А. Жақсылықов, Қ. Мәдібаева, Ж. Молдабеков, З. Сейітжанов,
Ә. Тарап, А. Темірболат, Ж. Тілепов, Р. Тұрысбек,
П. Бисенбаев (хатшылар тобының жетекшісі)

Пікір жазған

филология ғылымдарының докторы, профессор **Ө. Әбдіманұлы**

Жалпы редакциясын басқарған

филология ғылымдарының докторы, профессор **Ж. Дәдебаев**

Баспаға дайындағандар:

Б. Баязитов, Г. Ысқақова

А 13 Абайтану. Таңдамалы еңбектер. XI том. Ойлар мен тол-
ғаныстар / құраст., түсінік. жазғ.: Д. Карагойшиева, Л. Мұсалы;
жалпы ред. басқ. Ж. Дәдебаев. – Алматы: Қазақ университеті,
2017. – 298 б.

ISBN 978-601-04-1617-8 (ортак)

ISBN 978-601-04-2257-5 (11-том)

«Абайтану. Таңдамалы еңбектер» көп томдық басылымының он бірінші томында
Абайдың омірі мен шығармашылығы туралы XX ғасырда жазылған бір топ еңбектер берілді.
Әр жылдарда жазылған және абайтану саласындағы іргелі мәселелерді пайымдауга арналған
ойлар мен толғаныстардың абайтану ғылымының тарихында лайыкты орны бар.

Томға енгізілген еңбектер білім алушы жастағра, жас мамандарға, сондай-ақ зерттеу-
шілерге, ақыл-ой казнасын байту жолындағы көпшілікке арналған.

Еңбек 3979/ГФ4 – «Абай Құнанбаевтың шығармашылық мұрасын пәнаралық
зерттеу» бағдарламасы аясында дайындалып, жарық көріп отыр.

ӘОЖ 821.512.122.0

КБЖ 83.3(5)Каз)

ISBN 978-601-04-1617-8 (ортак)

ISBN 978-601-04-2257-5 (11-том)

© Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ жаңындағы

Абай ғылыми-зерттеу институты, 2017

Әбіш Жиреншин

АҚЫНДЫҚ МӘДЕНИЕТІ

«Шын художник үшін өмір
қайда болса, поэзия да сонда»
(В. Г. Белинский)

Тіл – адамдардың байланыс, ұғыныс құралы. Тіл арқылы адам бірімен-бірі сөйлеседі, түсініседі, іштегі ой-қиялышың тамаша сырларын ашып, басқаларға баяндайды. Бүкіл адам баласы бір-бірімен тіл арқылы әлеуметтік қатынас жасайды. Тіл байлығы сөзде, ал сез байлығы ұшан теңіз бейне бір мұхит тәрізді. Міне, сол мұхиттың түбінде маржандай шөгіп жатқан поэзия – қыыннан қыстырылатын сез асылы құдды бір бисер (інжу) тергендей ақын оны сез теңізінен сүзіп алмақ. Абай:

Өлең – сөздің патшасы сез сарасы,
Киыннан қыстырып ер данасы, –

дейді. Поэзия дегенде аңсаған ақынның сусыны қанбайтындағай-ақ көрінеді:

Өзгеге, көңілім, тоярсың,
Өленді қайтып қоярсың!
Оны айтқанда толғанып,
Іштегі дерпті жоярсың.
Сайра да, зарла, қызыл тіл,
Қара көңілім оянсын.
Жыласын, көзден жас ақсын,
Омырауым боялсын.
(1945, 111-бет.)

Абай үшін өмір сәулетінің сәулесі де, көркемдіктің көркі де – поэзия. Сол поэзиямен «туғанда дүние есігін ашады өлең» деп ақын тіршіліктің қайығына мініп, өмір теңізінде жүзеді, тулаған толқын құшағында тербеліп, талай-талай тамаша жырлар жазады. Ақынның жүргегіне азық, көңіліне қорек болған серігі, айнымас досы, сырласы да – осы өлең.

Өмір кайшылығының қат-қабатына да, табиғаттың сыр-сипатына да, достық пен махаббатқа да, жақсылық пен жамандыққа да ақынға тіл қатқызып, шайыр сәулесін түсіретін осы өлеңі еді.

Міне, сондықтан да біз Абай мен поэзияның, поэзия мен Абайдың кіндігінің бір екендігін, егіздей төл екенін, бірге өмір сүргенін көреміз. Қазақ поэзиясы Абайды туғызса, Абай қазақтың сыншыл реалистік поэзиясын туғызды. Абайдың ерекше ақындық орны да осында.

Біз қазақ поэзиясын сөз қылғанда, Абайды атамай кете алмаймыз, Абайдың поэзияда жасаған тамаша бейнелері әрдайым біздің ақындық рухымызды көтереді. Абайдың өзі өлседе, бізге оның өзіне біткен ақындық қуаты мен көркемдік данышпан өзгешелігі қалды.

Абай ақынды дәл бір қыран бүркітпен тенейді. Ол «қыранша қарап Қырымға», бүкіл әлемге көз жібереді, өмірдің тәсекейінен көкке самғап, төрт тұлікті шолады, тебіренеді, шарқ ұрады, поэзияның шынына шығады. Поэзиялық мұраның ұлы пафосының психологиялық сырын Абай осылай суреттейді. А.М. Горький ақындықтың қалыптасуына негізгі элемент ұшеудейді, олар: 1) талант, 2) тәжірибе, білім 3) тіл. Біз осы данышпан қағидаға сүйене отырып, ақын творчествосын бағалау талаптарына токталмақпыш.

Жалпы қай ақынның болса да творчествосын бағалауда неғізгі талаптар, қасиеттер төртеу:

- бірінші – тіл шеберлігі, сөз көркемдігі. Бұл екеудің бірінен бірі түшіп, септесіп өзара қабысып отырады;
- екінші – ақын ойының терендігі, философиялық мәні, аз сөзге көп мағына беріп жырлауы;
- үшінші – поэзияның адам өмірімен ұштасуы, қоғам тұрмысы мен әлеуметтік тілекten тушип отыруы;
- төртінші – поэзияның сыртқы көркемдігіне ішкі мазмұнының отасып, іші-сырты бірдей жарасымды болуы – форма мен мазмұнның тұтастығы.

Абайда осының төртеуді де толық кездеседі. Сондықтан да ол – төрт тұлігі сай ақын. Поэзияның ішінде оның ұлылығы осы белгілермен дамып, түрленіп, байып отырады. Абай тұстас

және XX ғасырдың басына дейінгі ақындарда мұндай төрт аяғын тәң басқан поэзия жорғасы кездеспейді. Біреуінің бірі жетсе, бірі жетпей жатады.

Біз жоғарыда ақынның бірінші қасиеті деп келтірген тіл шеберлігі, сөз көркемдігі деген өлшем сұлулыққа, поэзияның эстетикалық қасиетіне жатады. Осы қасиеттің барлығын біз Абайдың өлеңдерінен кездестіреміз. Мысалы, Абай аттың сыртқы түрін, көркем келбестің былайша суреттейді:

Шоқпардай кекіл бар, қамыс құлақ,
Кой мойынды, қоян жақ, бөкен қабақ,
Аузы омыртқа шығыңқы, майда жалды,
Ой желкеці, уңірейген болса сағақ.
Теке мұрын, салпы ерін, ұзын тісті,
Қабыргалы, жоталы болса құпші.
Ойынды еті бөп-бөлек, омыраулы,
Тояттаган бүркіттей салқы төсті
(1945, 38-бет.).

Біз осы екі шумақ өлеңнен аттың бітімінің сұлу екендігін көрмей-ақ сезіп отырмыз. Егер де суретшіге осы аттың келбетін суретке салып бер десе, ол аттың өзін көрмей, оның қой мойынды, қоян жақ, бөкен қабағын, шоқпардай кекілі мен қамыс құлағын дөл келтіре алмаған болар еді. Аттың мойны жұл-жұмыр, жағы қоян жақ, ай дөңгелек болып, бөкен қабақты, маңдағына шоқпардай кекілі түсіп тұрса, ойынды еті бүркіттің бөтегесіндей шығыңқы, омыраулы, салқы төсті болса, бұл аттың келбеті Абай айтқандай-ақ сұлу, көркем болар еді. Абайдың сөзге шеберлігі сонда, ол аттың жайшылықта ешкім көніл аудармайтын, мән бермейтін тұмсығын «теке мұрын, салпы ерін, ұзын тісті» деп оған бір ерекше сын, көрініс белгілерін беріп отыр. Егер бұл туралы баска біреу айтса, ең мактауын жеткізгенде кенсірікті, басы бір кез, қом сауырлы екен деген болар еді.

Біз Абайдың жоғарыдағы екі шумақ өлеңінен – оның бір ғана тілге шебер, сөзге ұста екендігін сезіп отырганымыз жоқ, сонымен бірге оның аса байқағыш, сыншыл екендігін көреміз. Әрі художник, әрі сыншыл Абайдың аттың бас бітімін суреттеуі, ел аңызындағы атақты Толыбай сыншының баласының тұлпардың курап қалған бас сүйегін көріп, «мұны тұлпардың басы деп

кім айтады, мені Толыбай сыншының баласы деп кім айтады», – деп егіліп жылағаны есінде түседі. Ал Абай сынап отырған кескін нағыз тұлпардың бас бітімі. Бейне бір әлті қу басты тірілтіп жан бергізгендей, оған бір ерекше бояу, ерекше теңеулер тауып, қой мойынды, қоян жақ, бөкен қабак, теке мұрын, салпы ерін, ұзын тісті, бота тірсек – деп эсерлендіріп көптеген басқа жануарлардың дербес біткен ерекшелік, жаратылыс бейімдерімен тәнестіре суреттейді. Бұл аттың тек сырт көрінісі, сырт әсемдігі, бірақ ол әлі Абайша көңілдегі ат емес. Сондықтан Абай аттың келбеті туралы айтқанда «теке мұрын, салпы ерін, ұзын тістімен» тынбайды, «Қабыргалы, жоталы, болса күшті», – деп, оның ішкі қасиеті де сыртқы сұлулығына сай болса екен – деген тілек білдіреді.

Шілдерлігі жуандай, бота тірсек,
Бейне жел, тынышты, екпінді мініп журсек.
Екі көзін тоңкеріп, қабыргалап,
Белдеуде тыныш тұрса, байлан көрсек... –

деп, оның мінезді, жуас, қылышты болуын айтып келеді де:

Шапса жүйрік, мінсе берік, жуан, жуас,
Разы емен, осындей ат мінбесем! –

дейді.

Бұл жерде біз аттың сыртқы әсемдігіне, қасиетіне оның ішкі сырының сәйкес келіп, демек, поэзияның сыртқы көркемдігі мен ішкі мазмұнының бірдей болып шыққанын көреміз.

Аяны тымақты алшы кигізгендей,
Кісіні бұлбұл қағып жүргізгендей.
Шапқан атқа жеткізбес бөкен желіс,
Ыза қылдың қолыма бір тигізбей. –

деп арман етеді ақын.

Жайшылықта, қарапайым тілменен аяңыл, желісқор, жүрдекі ат деген сөздерге Абай теңеу беріп, көркейтіп «аяны тымақты алшы кигізгендей, кісіні бұлбұл қағып жүргізгендей», деп тыңдаушыны еліктіріп, эсерлендіріп айтады.

Демек, Абайдың суреттеп отырғаны шабан, байырғы сүріншек, жүріссіз ат емес, өзі сұлу, өзі мықты, өзі жүйрік, мінезді ат. Абай сыны тек сондай атқа ғана лайық келеді.

Абайдың «Аттың сыны» деген өлеңінде – біз ақындықтың бірінші және төртінші қасиеттерінің белгілерін көрдік. Енді мұнан да ерекше тағы бір қасиет – Абайдың асқан сыншылдығы, үнемі ел көзіне түспейтүғын тұлпардың сипатын суреттеп, келістіріп айтуында.

Адам бейнесіне келсек, ақын мұнда да эстетикалық принциптерді бұлжытпай қолданып отырады. Әйелдің көркемдігі туралы Абай:

Қақтаған ақ құмістей кең маңдайлы,
Аласы аз қара көзі нұр жайнайды.
Жіңішке қара қасы сыйып қойған,
Бір жана ұқсатамын тұган айды.
Маңдайдан тұра түскен қырлы мұрын,
Ақша жұз, ал қызыл бет тіл байлайды.
Аузын ашса, көрінер кіреіз тісі,
Сықылды қолмен тізген іш қайнайды.
Сойлесе, сөзі әдепті һәм магыналы,
Күлкісі бейне бұлбұл құс сайрайды.

Абай сұлу әйелдің көркін сондай тамаша суреттеп келеді де:

Біреуді көркі бар деп жақсы көрме,
Лапылдақ көрсе қызар нәпсіге ерме!
Әйел жақсы болмайды көркіменен,
Мінезіне көз жетпей, кеңіл берме!
(1945, 31-бет) –

дейді.

Абай адамның көркі оның тек сұлупығында, жылтыраған сыртқы көрінісінде емес, ішкі сыр, ішкі көркінде екендігін атап көрсетеді.

Абай әйелдің көркемдігіне сай оның мінезді, әдепті, ақылды, іскер, байыпты болуы керек деген талап кояды:

Жасаулы деп, малды деп байдан алма,
Кедей қызы арзан деп құмарланба.

Ары бар, ақылы бар, ұтты бар,
Ата-ананың қызынан ғапыл қалма.
(1945, 32-бет.).

Абайға искусство искусство үшін емес, искусство өмір үшін жаратылған, сол өмірдің көркі болып отырады. Өйткені көркем өнер мен поэзия әлеумет үшін, халық үшін қызмет атқаруы қажет, сондықтан да Абай өзінің поэзияға негізгі қойған мақсатын:

Мен жазбаймын өлеңді ермек үшін,
Жок-барды, ергегіні термек үшін.
Көкірегі сезімді, тілі орамды,
Жаздым үлті жастарға бермек үшін, –

деп ашып айтады. Бұл Абай поэзиясындағы үшінші – эстетикалық принциптің, әлеуметтік түйіннің құштілігін дәлелдейді.

Сол сияқты Абай табиғаттың көрінісін, жыл мерзімін, адам мінезін суреттегендеге де оның тамаша көрінісін өмірмен, тіршілікпен ұштастырып, тілдестіріп, сұлулыққа дәнді өң, рух беріп отырады. Мәселен «Құз» деген өлеңінде Абай:

Жасыл шөп, бәйшешек жоқ бұрынғыдай,
Жастар құлмес, жүгірмес бала шулай.
Қайыршы шал-кемпірдей түсі кетіп,
Жапырағынан айырылған ағаш қурай.

Сидиған, көркінен айырылған ағаш-қурайды, мұсәпір, өмірінің көркі жоқ қайыршы шал-кемпірге ұқсатады ақын, немесе:

Қар жауса да, тоңбайды бай баласы,
Үйі жылы, кіз тұтқан айналасы.
Бай ұлына жалшы ұлы жалынышты,
Ағышп жүріп ойнатар көздің жасы.

Құз түсіп, табиғаттың құлпырған әсем нұры кеткен соң, ол жабырқаңқы тартып, қабағы түсіп, сұр бұлт пен дымқыл тұман қаптап, қара суық малдың да, адамның да, табиғаттың да реңін кетіреді. Сонда құз біреуге құт, біреуге жұт боп келеді. Бай жылы үйде отырып, ет жеп, қымызын ішіп, сонау құздің аяғына

дейін малын семіртіп, соғымын баптай отыrsa, кедей күндіз қара сұықта мал бағып, кешке жыртық үйде бүрсөң қағып, жағуға отын, союға соғымы жоқ, қылышын сүйретіп келе жатқан қысташ шығуы оған зор уайым болмақ. Сондай-ақ «Жазды күн шілде болғанда», «Жаз», «Қыс» деген өлеңдерінде де ақын табиғатты өмірмен, тіршілікпен көркейтеді, Абайға табиғатқа құрғақ еліктеу, таңдану, «эстетстволық», жалаң «шыңылтыр искусство» жат болды. Бұл Абай поэзиясындағы үшінші эстетикалық принциптің белгілеріне тағы да күә болады.

Ақындықтың аса бір артықшылығы, адамның ой қиялышының тереңдігі, аз сөзге көп мағына беріп айта білуінде. Бұл жөнінде Абай өз тұстасы, өзінен бұрынғы қазақ поэзиясында тенденсі жоқ ақын болды. Абай жастарға арнап:

Әсемпаз болма әрнеге,
Өнерпаз болсан, арқалан.
Сен де бір кіріш дуниеге,
Кетігін тап та бар қалан! –
(1945, 152-бет)

дейді.

Төрт ауыз сөзге адамның өмірлік мақсатын, негізгі адамгершілік міндеттін философиялық толғауға сыйғызып айтады.

Бұл Абай поэзиясында – екінші эстетикалық принциптің, аз сөзге терең де көп мағына беріп, тыңдаушыны таңдандыра алатындығына дәлел.

Абайдың аскан суретші, көркем сөздің ұстасы, өзінің кернесен ақындығымен тамаша газель-жырларды маржандай төгілдіретіндегі оның лирикалық өлеңдерінен де айқын көрінеді:

Су сылдырлап, жел гулеп, күн шуақтап,
Жылдылық пен достықты тұрса мақтап.
«Өнген, өскен жақсы» деп емен ағаш,
Тенсөліп айтып тұрса ол шайқақтап!
(1945, 208-бет)

Жазғы тұнді Абай әсем де көркем сөзбен суреттейді:

Желсіз түнде жарық-ай,
Сәулесі суда дірілден,

Ауылдың жаны терең сай,
Тасыған өзен күрілдеп.
(1945, 202-бет.).

Абайдың бұл өлеңдерін оқығанда махаббат пен достықты, ізгі тіршілікті немесе өзен бойындағы ауылдың тұнгі тыныштықта тек қана күрілдеген өзен мен самаладай айдың судагы дірілдеген сәулесі көз алдыңа елестеп, тұнгі табиғаттың көркемдігімен тілдестіреді.

Жаз көркі, табиғат сыры, Абай өлеңінде өмірмен, тіршілікпен ұштасып отырады. «Жазғытұры» деген өлеңінде ақын былай дейді:

Түйе боздап, қой қоздап – қорада шу,
Көбелек пен құстар да – сайда ду-ду.
Гүл мен ағаш майысып қараганда,
Сыбыр қағып, бұрандал ағады су...

Мұнда да табиғат құбылысы өмір тіршілігімен көркейіп, жазбен бірге түйеге де, қойға да, көбелекке де, құстарға да, гүлге де, ағашқа да жан бітіп, масайраған тәрізді.

Немесе:

Күн күйеуін жер көксеп ала қытай,
Біреуіне біреуі қосылышпай;
Көңілі күн лебіне тойғаннан соң,
Жер тольқысып, түрленер тоты құтай.
(1945, 114-115-беттер).

Жазбен бірге жан бітіп, қара тастан басқаның бері жадыралар – деп Абай айтқандай, күн мен жердің ерлі-зайыпты адамдай бірімен бірі ғашық екендігін, күн көзі күлімдеп нұрын төккенде, калындығы жер көк майса жасыл желегін жамылып, тоты құтай түрленетінін тамаша келтіреді.

Абайдың асқан суреткерлігі сонда, ол меніреу табиғатқа да жан бітіріп, мұнын айтқызып, адамдай өксітіп қояды:

Қонады бір күн жас бұлт,
Жартастың төсін құшақтап.

Жөнелді ertен, қалды үміт,
Көк жүзіне ойнақтаң.
Ажымды жүзі тершіген,
Кәрі жартас таң қапты,
«Бәрі осы-ау» деп қыз деген,
Томсарып тұрып жылапты.

(1945, 240-бет.).

Өсімдік пен жәндіктен жүрдай болған жып-жылтыр жараста да өмір бар, оның да ынтығы бар, ол қеудесін құшқан жас бұлт, тұман болса, жартасқа да жан бітеді ал бұлт кеткенде томсарып тұрып жылайды. Әсіресе, Абай Лермонтовтың «Теректің сыйы» деген өлеңін аударғанда, табиғаттың данышпан суретшісі екендігін, өзінің шеберлік шынына жеткендігін көрсетеді. Сонан үзінді келтірейік:

Асая Терек долданып, буырқанып,
Тауды бұзып, жол салған, тасты жарып.
Арыстанның жалындағ бүйра толқын,
Айдаңардай бүктеліп, жұз толғанып.
Кавказдан шықты жайнап, қылыш у-шу
Тұзу жерден жол көрнеп, ұлғайды су.
Қалың қайрат бойында, беті құліп,
Момынсынған пішінмен агады – ку.
– «Кавказдай» құзда туған перзенттенмін,
Бұлтың сұны ішіп ержеткенмін.
Қазбектен ағам, сені көксеп шығып,
Кім қақтықса жолымда күйреткенмін.
Зор қеуде адамзаттың айласына,
Көнбей бүтін күшімді көрсеткенмін.
Екі езуім көпіріп, айғайласам,
Шың күтырсам, шың тасты тербеткенмін.
Алтығып, асая ишің, келді, ақсақал!
Тау-тасқа, адамзатқа салып жанжал,
«Дем алайын» деп келдім, аш қойынды,
Сәлем-сауқыт әкелдім, қош көріп ал!

Абай аударғанда Лермонтовтың бұл өлеңінің негізгі сюжеті мен идеясын ғана сақтаған, ол қазақ түсінігіне қондырып өз ақындығымен өте шебер етіп шығарған. Кейбір жерлері тіпті Лермонтовта жоқ, «Әкелген бұғы менен маралым бар» немесе «Бақша, заuat жайларды қылдым талқан, әрбір бай жалдап жатыр жуз кедейді» деген сияқты жолдарды өз ойынан қосқан.

Сөз жоқ, бұл құрғана аударма емес, Абайдың өз толғауымен тыңайтып, түрлендіріп, әсерлендіріп жазған долы «Теректің» мінез-құлқы. Абай Теректің асau толқынын, мінезін:

Арыстанның жалындай бұйра толқын,
Айдаңардай бүктеліп, жұз толғанш...

немесе:

Екі езуім көпіріп, айқайласам,
Шын құтырса, шың тасты тербеткенмін, –

деп суреттейді.

Сондай долданып, буырқанып, езуінен көбік шашып, айдаңардай бүктеліп, жұз толғанған Теректің алқынып келген асau ағыны теңізге келіп құлағандағы суреттемесі мынадай:

Кәрі Каспий қара көк көзін ашты,
Жылы жүзбен Терекке амандасты.
Жыбыр қағып, қозғалып, сылқ-сылқ күліп,
Қатынды алды, қытықсыз араласты.

Арыны қатты дария жолындағы адамды да, анды да, тау тасты да бұйым көрмей, қаншама екпіндеп, долданып келсе де, ұшан теңіз суға келіп құйғанда оның жұмырына жұқ болмайтындығын, бұрынғы еркелік кетіп, жыбыр қағып қозғалып, сылқ-сылқ күліп, Каспийдің ұлы денесіне майдай сіңетіні өте шебер келтірілген. Қазақ әдебиетінде табиғатты осындаид суреттеуде Абайға теңдес ақын болған жоқ десек, қателес-пейміз.

«Теректің сыйының» Лермонтов жазған нұсқасы мен Абай жазған нұсқасын салыстырып, екеуінің де асқан көркем екенін, сонымен бірге бұлардың өзі орасан зор шеберліктің үлгісі екенін көресің. «Теректің сыйы – дейді Белинский – поэзиялық салтанаттың айғағы, бұл тамаша, көркем пьесадан бұл жиһазды, екпінді, қуанышты фантазияны бөлшектеу мүмкін емес», – дей келіп, Белинский мынандай қорытындыға келеді: «Біз Лермонтовты Байронға да, Гете де, Пушкинге де тенемейміз. Бұл – тек қана Лермонтов», – дейді.

Лермонтовтың «Выхожу один я на дорогу» деген өлеңін де Абай сондай тамаша дәлме-дәл аударған, мысалға алғанда екі жолын салыстырып көрсек, Лермонтов:

Выхожу один я на дорогу –
Сквозь туман кремнистий путь блестит –

десе Абай:

Жолға шықтым бір жым-жырт тұнде жалғыз,
Тастақ жол жарқырайды будан әлсіз.

Сол сияқты Абай Лермонтовтың атақты Гетеден аударған өлеңін қазақшалағанда да асқан шеберлік көрсетеді.

Горные вершины,
Сият во тьме ночной.
Тихие долины,
Полны свежей мглой,
Не пылит дорога,
Не дрожат листы...
Подожди немного,
Отдохнешь и ты, –

дегенді Абай былай аударады:

Қаранғы түнде тау қалғыш,
Үйқыға кетер балбырап.
Даланы жым-жырт, дел-сал ғыш,
Түн басады салбырап.
Шаң шығармас жол-дагы,
Сілкіне алмас жапырак.
Тыныгарсың сен-дагы,
Сабыр қылсаң азырак.

Қандай тамаша өлең, күндізгі харакеттен босағанда, түнгі тыныштықтың бесігіне тербелген адам сезімінің сымбатты анызын Гете бере білді дей келіп, Белинский Гетеңің өзінен кем түспей аударған Лермонтовтың өлеңіне сондай риза болып насаттанады. Гете! Гетеден – Лермонтов, Лермонтовтан – Абай! Қандай тамаша поэзиялық рухтың ұштасуы, ақындық мәдениестіңін ұласуы десенізші!

Алайда Абай мұны қазақ тіліне шебер аударып қана қойған жоқ, табиғаттың түнгі тыныштығына лайық тамаша мелодия – ән де шығарған. Бұл өлеңді әнімен домбыраға қосып, сүйсіне айтуга болады. Оны жүрт осы күнде де айтывп жүр.

Бұл Абайдың поэзиялық мәдениетінің жоғары шабытта болғандығын дәлелдейді. Өз дәуіріндегі қазақ ақындарынан Абайдың қүшті болғандығын, олардан анағұрлым асып жатқандығын, ақындар ағасы болғандығын Абайдың өмірі мен творчествосынан айқын көреміз. Абай еткір сыншы болды. Ол қазақ әдебиетінде, поэзияның әлеуметтік маңызын көтірген, көркемдік дәрежесін түсіріп, бөтен сөзбен шүбарлаған немесе өмірден аулақ, құрғақ қиялға түскен ақындардың шығармаларын үнемі сынап, кемшилігін көрсетіп, поэзияны дамытып, көркейтіп отырды. Бұл жөнінде талай мысалдар келтіруге болады. 1889 жылы Абай Тобықты мен Найман ішіндегі көрнекті үш ақынның жазған өлеңдерін естиді. Оның бірі Абайдың досы, шәкірті Көкбай, өзінің бір поэмасындағы геройын ескі араб жүртінің батыры Әлимен тенестіреді, екіншісі ақын Әріп Тәнірбердин өзінің «Зайда» деген поэмасында әйелдің көркемдігін «Алтын иек, сары ала қыз, гауһар жүзді» деп мақтайды, үшінші керенау жас ақын Абайдың інісі Шәкерім өзінің өлеңінде кәрілікті жамандап, оған өлімнен басқа тіршілік жоқ, сондықтан жастық артық деп жастық-салдуарлық өмірді мақтайды. Абай бұлардың үшеуін де қатал сынап, былай деп жазады:

Сөз айттым Әзірет Әлі, айдаһарсыз,
Мұнда жоқ алтын иек сары ала қыз,
Кәрілікті жамандап, өлім тілең,
Болсын деген жерім жоқ жігіт арсыз.
«Әсіре қызыл емес» деп жиренбенеңз,
Түбі терещ сөз артық, бір байқарсыз, –

(1945, 77-бет)

деп үшеуін де бір-ақ түйреп тастайды.

Жастарды өнер-білім үйренуге шақырмай салдуарлық, тұрақсыз жеңіл мінез-құлыққа шақырып, не болмаса адамның көркін алтынмен, гауһармен, қайратын айдаһармен салыстыргандық реализмге, шындыққа жатпайды, ол бишаралықты көрсетеді, ақын үлгілі, мағынасы терең өлең айтуда керек, – дейді Абай.

1885 жылы, екі дуан бас қосқан бір жиында (Семей, Өскемен уезі бас қосқан жиылыш) Абай мәжілісте отырғанда Өскемен жағынан келген Найман Саржомарт елінің ру басы – ірі чиновник Әлихан Тілеуберді баласынан сол елдің Жылтыр деген ақыны насыбай сұрап:

Әркімнің бір жары бар басы байлы,
Қызылсу Шарға құймай тасымайды.
Жаманға жақсы қолы үжымактай,
Әлханжан бері таста насыбайды –
(Қызылсу, Шар Семей облысындағы өзендердің аттары)

дегенде Абай отырып Әлханға қарап, ескі ақындардың осылары несі екен, үйдегі әйелдерді, даладағы аққан сумен тенестіріп қосқаны несі, онан да былай айтсаңшы депті:

Ханым – сен, қарашыңмен, басы байлы,
Ханы жақсы болса, қарашысы жасымайды.
Жаманға жақсы қолы үжымактай,
Әлханжан бері таста насыбайды.

Жиналған жүрт Абайдың өлеңін ұтымды деп табады.

Ал сол кездегі көптеген ақындардың өлендерінде үйқассыздық, сөз алалығы, орынсыз тенеулер жиі ұшырайды. Бұл Машұр Жүсіпте де, Нармамбетте де, Әріпте де, өзге ақындарда да кездесіп отырады. Мысалы, Нармамбет әйелдің көркін мақтағанда:

Алтын бас қалқам,
Ақ маңдай.
Каунарлы жүзің
Жаунардай.
Оймақ ауыз,
Ақша бет
Пісте мұрын,
Жез тандай, – дейді

(Нармамбет өлеңдері, 66-67-беттер).

Әйелдің сұлулығын мақтағанда: аузын оймақпен, бетін ақшамен, мұрнын пістемен, таңдайын жezбен, басын алтынмен, «каунарлы жүзің жаунардай» деген бір сөзбен суреттеуі ешбір ақындық шеберлікке жатпайды.

Абай өлеңдеріндегі аса бір зор қасиет оның өлеңі басынан ақырына дейін, іші-сырты бірдей болып, көркемдік, мағыналық желісі үзілмей ойы мен сөзі тұтасып жатады. Абай өлеңдерінде адамның суретін, келбетін, дене мүшелерін ыдыс-аяқпен, болмаса асыл тастармен, не өзенмен теңеулер жоқ.

Абай адамның ішкі сезім дүниесін, адамгершілік қасиетін ешуақытта оның сұлулығынан бөлмейді. Бұл – оның екінші артықшылығы.

Қандай ақын болса да Абай өзінің журегіне қонбаған өлеңі болса, соған жауап ретінде олармен ақындық таластырып, сын-өлең жазып отырған. Кезінде Көкбайға жаздықұнгі ауылдың көрінісін жаз деп тапсырып, оның жазғаны нашар болып шыққанда, сондай-ақ аттың сынын да оның жазғанына қанағаттанбай Абайдың өзі жазғандығын біз жақсы білеміз. Абай жазған «Аттың сыны» мен «Жаз» деген өлеңдер қазақ поэзиясында әлі тенденсі жоқ шығарма!

Абай Нармамбеттің:

Нәпсі – жел, көңіл – өзен толқын ұрган,
Ми – патша, ақыл – дария кеңес құрган.
Таупықсыз ақыл мақұл болмайды екен,
Білмесен, құр суретсің бекер тұрган.

деген өлеңін естіп:

Ой – самал, өлең – дария толқын ұрган,
Ми – патша, ақыл – уәзір кеңес құрган.
Үйлемсыз ақыл таупық болмайды екен,
Болмаса құр суретсің бекер тұрган, –

деп түзетіп жазады. Бұл жерде сырт қарағанға екеуі де көркем, шебер айтылған, бірақ Абайдың түзетіп жазғаны анағұрлым өмірге жуық, мағыналы болып шыққаны күмәнсіз.

Нармамбеттің өлеңінде қайтармалау бар: ол бір өзенді біре-се «қөңілге» біресе «ақылға» тенеп екіүшты мағынада алады. Немесе тағы бір мысал: ІІ. Алтынсариннің мына бір өлеңін естіп Абай онымен ақындық өнер салыстырады:

Адам көркі бастагы,
Маңдайдағы кастагы.

Кеншілікте әркім дос,
Таршылықтағы қайрылған достагы.

Абай мұны былай айтады.

Бес мүшеден болекше бас та өзгеше,
Қигаш біткен мандаидагы қас та өзгеше.
Кеншілікте дос та дос, қасың да дос,
Таршылықта қайрылған дос та өзгеше!

Абай өлеңдерінің ұтымды жатқанын тізіп жатпасақ та болар. Ал Абайда бір сөзді екі рет, екі мағынада қайталу жоқ, өлеңнің мазмұны ой мен қиялға, ақылға байланысты ішкі жібін үзбейді.

Белинский ақындықтың, таланттың, данышпандықтың маңызды және күрделі қасиеттерінің бірі оның ерекшелігінде, өзгешелігінде, бұдан кейін оның идеясы мен мұddeлерінің тереңдігінде, қауымшылдығында және өзінің өмір сүрген дәуіріне тарихи әсерінде екенін айта келіп, былай дейді: «Данышпандық дегеніміз – жеке адамның творчестволық ең биік сатысы. Талант – данышпандыққа қарағанда творчествоның кемірек дарындылығы. Біріншілері мезгілінде түсінілмей, танылмай, көбінесе өз замандастарынан құғын мен көре алмаушылыққа ұшырайды, олардың данқы келешекте өздерінің сүйектері қурап қалғанда мәлімденеді, екіншілері өз дәуірінің сүйетін, беделін жүргізетін адамдары болады, бірақ тірісінде құрметтеліп, мақтаумен бақытты бол өтсе де, өлген соң бұл маңызды ала бермейді, ал кейде көз тірісінде де олар өз даңқының сөнгеніне күэ болады» (В.Г. Белинский, Обзор русской литературы от Ломоносова до Пушкина. 1898. – С. 56.)

Осы тұрғыдан қарағанда, Абай нағыз данышпан ақын. Келешекке жол ашқан, әдебиеттің жана дәуірінің басы болған Абайдың ұлылығы бір ғана қазақтың сыншыл реалистік поэзиясын жасауменен тынбайды, оның ақындық мәдениеті орыстың ұлы классик ақындарының мәлдіреген тұнық суымен суарылып, асылданып, асқақтай түскен ардагер ақын. Бұл ретте Пушкиннің Абай аударған «Евгений Онегинің» айтпай кетуге болмайды.

Евгений Онегин поэмасы – орыс поэзиясында тендесі жоқ роман, өз заманындағы орыс өмірінің айнасы. Сол тамаша романды қазақ тіліне аударған Абай Евгений Онегиннің және Татьянаның образын қазақ халқына сүйкімді, елінің ұлы мен қыздарының образындағы етті. Халыққа ұғымды болып, тез тарауы үшін ол Онегин мен Татьянаның хаттарына лайықты мелодиялар шығарды.

Жан сүйсінер өлең айт бой ерілік,
Өлгөнгө қыбырлатып жан берерлік.
Қапа көңіл қайғысын таза жуып,
Сергек дене мас болып сендерлік, –

деп, акын Ақылбай айтқандай, Абай поэзиясы естушінің бойын елжіретіп, бұлдыр заманда жарқырап туған жұлдыздай, қазақ әдебиетінің ұлы поэзиялық рухы еді. Осы ұлы дәрежеге жеткізген, бір жағынан, Абайдың өзінің асқан даналығы болса, екінші жағынан, орыстың асқан классиктерінің үлгілері, олардың теніздей терең ойлары еді. Абай мұралары Салтыков пен Гогольдің шығармаларымен ұштасып, әлеуметтік, демократиялық көзқарасы Белинский, Чернышевский, Толстойлардың идеясымен жымдасып жатады. Терең поэзиялық үлгілері Пушкинмен; көңіл күйі, жүрек сырьы, табигат суреттеуі Лермонтовпенен ұласып кетеді. Осылардың ұлы идеясы мен үлгілері Абай поэзиясында қазақ шындығы арқылы еніп отырады.

Абайдың поэзиялық данышпандығының ерекшелігі сонда, ол пікір мен ойдың таусылmas қазынасындай. Оның шығармасы идея мен мазмұн жағынан көп кырлы, терен сырлы болып келеді, өйткені оны оқыған сайын әр адам жаңалық тауып, жаңа ойға, тың ұғымға, қолтума пікірлерге молығып отырады. Оның таланттының құпия сырьы, міне, осында. Абай поэзиясы бейне бір жарқ етіп нұрлын шашқан алмаздай, мындаған бояу төгіп, сөүле мен құбылыс беріп өшпестей нұрланып жатады.

ТҮСІНІКТЕР

Жұмабаев Ф. Абайдың реализмі. Баспасөз бетінде жарияланған. Мәтін мына басылым бойынша берілді: Тогжанов Ф. Абай. – Қазан, 1935. – 55-66-беттер; Абай институтының вебсайты.

Машанов А. Абай үшкілі. Баспасөз бетінде жарияланған. Мәтін мына басылым бойынша берілді: Машанов А. Әл-Фарраби және Абай. – Алматы, 1994. – 118-138-беттер; Абай институтының вебсайты.

Қаратаев М. Пушкин мен Абай. Баспасөз бетінде жарияланған. Мәтін мына басылым бойынша берілді: Қаратаев М. Пушкин мен Абай / М. Қаратаев Тұган әдебиет туралы ойлар. – Алматы, 1958. – 112-121-беттер; Абай институтының вебсайты.

Дүйсенбаев Ы. Абай Құнанбайұлы. Баспасөз бетінде жарияланған. Мәтін мына басылым бойынша берілді: Дүйсенбаев Ы. Абай Құнанбаев / Ы. Дүйсенбаев Фасырлар сырьы. – Алматы, 1970. – 84-137-беттер; Абай институтының вебсайты.

Кенжебаев Б. Абай шығармаларының соңғы басылуы туралы. Баспасөз бетінде жарияланған. Мәтін мына басылым бойынша берілді: // Социалист Қазақстан. – 1955. – 29 май (№26 (9708); Абай институтының вебсайты.

Нұртазин Т. Абай және әдеби жастар. Баспасөз бетінде жарияланған. Мәтін мына басылым бойынша берілді: Нұртазин Т. Шеберлік туралы ойлар. – Алматы, 1968. – 141-148-беттер; Абай институтының вебсайты.

Сүйіншәлиев Х. Абай Құнанбаев (1845-1904). Баспасөз бетінде жарияланған. Мәтін мына басылым бойынша берілді: Сүйіншәлиев Х. Қазақ әдебиетінің тарихы: оқулық. – Алматы, 2006. – 836-887-беттер; Абай институтының вебсайты.

Қирабаев С. Абайтанудың кезекті міндеттері туралы. Баспасөз бетінде жарияланған. Мәтін мына басылым бойынша берілді: Қирабаев С. Қоң томдық шығармалар жинағы. – Алматы: Қазығұрт, 2007. – 5-т. – 30-42-беттер; Абай институтының вебсайты.

Қабдолов З. Абайдың бір елені. Баспасөз бетінде жарияланған. Мәтін мына басылым бойынша берілді: Қабдолов З. Қөзқарас: талдаулар мен толғаистар. – Алматы: Рауан, 1996. – 5-9-беттер; Абай институтының вебсайты.

Кекішев Т. Асылдың сыйныбы. Баспасөз бетінде жарияланған. Мәтін мына басылым бойынша берілді: Кекішев Т. Қоң томдық шығармалар жинағы / Тұрсынбек Кекішев. – Алматы: «Қазығұрт» баспасы, 2013. – 5-т. – 134-153-беттер.

Бердібаев Р. Ұлылыққа жартынеш түсінік журнейді. Баспасөз бетінде жарияланған. Мәтін мына басылым бойынша берілді: Бердібай Р. Ел боламыз десек... – Алматы: ЖШС «Қазақстан» баспа үйі, 2000. – 232-237-беттер; Абай институтының вебсайты.

Қасқабасов С. Абай және фольклор. Баспасөз бетінде жарияланған. Мәтін мына басылым бойынша берілді: Қасқабасов С. Абай және фольклор. – Алматы: Білім, 1995. – 64 бет; Абай институтының вебсайты.

Жиреншин Ә. Ақындық мәдениеті. Баспасөз бетінде жарияланған. Мәтін мұна басылым бойынша берілді: Жиреншин Ә. Ақындық мәдениеті. Кітапта: Жиреншин Ә. Абай және орыстың ұлы революциясын демократтары. – Алматы: Қазақ мемлекет баспасы, 1959. – 144-158 беттер; Абай институтының вебсайты.

Бейсенбаев М. Абай туралы тың деректер. Баспасөз бетінде жарияланған. Мәтін мұна басылым бойынша берілді: Бейсенбаев М. Абай және оның заманы (Абай ізімен): әдеби-сын мақалалар мен жаңа деректер. – Алматы: Жазуышы, 1988. – 8-18 беттер; Абай институтының вебсайты.

МАЗМУНЫ

Тогжанов Ф. АБАЙДЫҢ РЕАЛИЗМІ	3
Машанов А. АБАЙ УШКІЛІ	12
Қаратаев М. ПУШКИН МЕН АБАЙ	37
Дүйсенбаев Ы. АБАЙ ҚҰНАНБАЙҰЛЫ	47
Кенжебаев Б. АБАЙ ШЫГАРМАЛАРЫНЫң СОҢҒЫ БАСЫЛУЫ ТУРАЛЫ	110
Нұртазин Т. АБАЙ ЖӘНЕ ӨДЕБИ ЖАСТАР	118
Сүйіншәлиев Х. АБАЙ ҚҰНАНБАЕВ (1845-1904)	127
Кирабаев С. АБАЙТАНУДЫҢ КЕЗЕКТЕГІ МИНДЕТТЕРИ ТУРАЛЫ	188
Қабдолов З. АБАЙДЫҢ БİR ӨЛЕНДІ	202
Қекішев Т. АСЫЛДЫҢ СЫНЫФЫ	206
Бердібаев Р. ҰЛЫЛЫҚҚА ЖАРТЫКЕШ ТҮСІНІК ЖУРМЕЙДІ	225
Қасқабасов С. АБАЙ ЖӘНЕ ФОЛЬКЛОР	232
Жиреншин Ә. АҚЫНДЫҚ МӘДЕНИЕТІ	269
Бейсенбаев М. АБАЙ ТУРАЛЫ ТЫҢ ДЕРЕКТЕР	285
ТҮСІНІКТЕР	295

Оқу басылымы

**АБАЙТАНУ
ТАҢДАМАЛЫ ЕҢБЕКТЕР**

XI том

Редакторы *K. Мухадиева*
Компьютерде беттеген және
мұқабасын безендірген *Y. Әбдіқайымова*

ИБ№10468

Басуга 03.03.2017 жылы қол қойылды. Пішімі 60x84 1/16.
Көлемі 18,7 б.т. Офсетті қағаз. Сандық басылым. Тапсырыс №6144.
Тараалымы 50 дана. Бағасы келісімді.
Өл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің
«Қазақ университеті» баспа үйі.
050040, Алматы қаласы, әл-Фараби даңғылы, 71.

«Қазақ университеті» баспа үйі баспаханасында басылды.